

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 4 (971) 19 қаңтар 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Азаматтар спорт саласындағы жемқорлық тәуекелдері туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке хабарлай алады. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының, оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының спортты қаржыландыру мәселелері жөніндегі қызметіне жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауды жалғастыруда.

Аналитикалық жұмыс шеңберінде спорттық іс-шараларды, жиындарды, жабдықтарды, спорттық тамақтануды сатып алуды, шетелдік іссапарларды ұйымдастыруды, сыйақыларды, спорт объектілерін салуды, сондай-ақ спорт федерациялары мен кәсіби клубтарды ұстауды қамтамасыз ететін бюджеттік және бюджеттен тыс көздер зерделенуде.

Осыған байланысты Департамент өңір азаматтарын талдау жүргізуге белсенді қатысуға шақырады. Қазіргі уақытта талдау Департаменттің, мүдделі мемлекеттік органдардың қызметкерлерімен және азаматтық қоғам өкілдерімен жүргізілуде.

Егер, Сізде жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат болса немесе спортты қаржыландыру саласын жетілдіру бойынша ұсыныстарыңыз болса, оларды «Талдау» белгісімен upd.sko@antikor.gov.kz электрондық поштасы арқылы немесе 36-24-49, 70-13-83 телефон нөмірлері бойынша беруге болады.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын сақтау кепілдіктері

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік аппараттың тұрақтылығы мен тиімділігін қолдауда шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, мемлекеттік мекемелердің жұмысында тәртіпті сақталуын қамтамасыз ету, қызметтік тәртіпті бұзудың алдын алу үшін, тәртіптік жауапкершілік тетігі қажет. Алайда, бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын сақтау және қорғау маңызды. Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғаудың негізгі тәсілдеріне қатысты мәселелер, ерекше назар аударуға лайық.

Мемлекеттік қызмет туралы заңнамада, мемлекеттік қызметшілер тәртіптік жауапкершілікке тартылған жағдайда, олардың құқықтарына кепілдіктер көзделеді. Олар осы процеске қатысты барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ қызметтік тергеу рәсіміне жеке қатысуға құқылы.

Тәртіптік жауапкершілікке тарту объективті фактілер мен әділ рәсімдерге негізделуі тиіс. Мемлекеттік қызметшілер, әдетте, өздеріне қатысты бұзушылықтар туралы хабардар болуға құқылы.

Ағымдағы жылы мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулердің қызметіне тоқсан сайын жүргізілетін талдау қорытындысы бойынша 5 мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қалпына келтірілді. Ол саналы бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, қызметтік тергеу жүргізілмей, бұл олардың мән-жайларды толық, жан-жақты және объективті анықтау құқықтарының бұзылуына әкелді. Департамент қабылдаған шаралармен тәртіптік жаза қолдану туралы актілердің күші жойылды. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын, оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту контекстінде қорғау-бұл жетілген және тиімді басқару жүйесінің қажетті элементі. Нормативтік базаны, кінәсіздік презумпциясын сақтау және рәсімдік кепілдіктерді қамтамасыз ету мемлекеттік қызметтің әділдігі мен сенімін қамтамасыз ете отырып, осы процесстің негізгі элементтері болып табылады. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары бұзылған жағдайда, тәртіптік жауапкершілікке тарту барысында Сіз ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің сенім телефонына – 8-7152-46-58-89 нөмірі бойынша хабарласа алатыныңызды айта кеткім келеді.

Әсемгүл БЕГАЛИНА,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаменттің бас маманы.

*Президент Жолдауы: жаңа экономикалық бағдар

ӘКІМДЕР САЙЛАУЫ – САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Мемлекет басшысы “Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары” Жолдауында елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп, біржарым жылдың ішінде көптеген өзгеріс жасалғанына, қолға алған шаралардың нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнағанына, шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігінің артқанына, қоғамның саяси мәдениеті мүлдем жаңа сипатқа ие болғанына тоқталды. Алдағы жаңа экономикалық саясат белгіленіп, еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету міндеті қойылды. Өңдеу саласын жедел дамытуға, экономиканы әртараптандыруға ерекше назар аударылды.

“Жергілікті өзін-өзі басқару туралы” заңның қабылдануы бұл бағыттағы айтулы қадам болды. Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлануы саяси жүйенің орнығуының нақты көрінісі ғана емес, сонымен қатар атқарушы билікке үлкен жауапкершілік жүктелді. 2021 жылдан бастап Қазақстан тарихында алғаш рет ауылдық округ әкімдерінің тікелей дауыс беру арқылы сайлануының стратегиялық мәні айрықша. Биліктің барлық дерлік институттарын жаңғыртудың негізгі мақсаты – тұтас мемлекеттің тиімділігін арттыру, ал саяси реформалардың барлығы халықты мемлекет басқару ісіне кеңінен қатыстыра отырып, жергілікті билік өкілдерін сайланбалы етуге бағытталған. Сонымен қатар мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы құзыреттерді бөлу және жергілікті өзін-өзі басқару ісін айқындауға, аймақтарды бюджеттен қаржыландыру моделін әзірлеуде орталық пен өңір арасындағы қарым-қатынастан бөлек, қаражаттың өңір ішінде бөлінуіне айрықша назар аударуға бағытталуы тиіс. Әкімдердің сайлауын тағайындау, оларға қойылатын шарттар, әкімдікке кандидаттар ұсыну, өзін-өзі ұсыну, тағы басқа талаптар нақтыланды. Мәселен, саяси партия бір сайлау округінде бір ғана үміткер ұсынуға құқылы. Ауылдық округ әкімдігіне өзін-өзі ұсынған кандидат дауыс беруге құқығы бар тиісті округ сайлаушыларының жалпы санының кемінде бір пайыз дауысын жинауы керек. Мұның өзі демократиялық даму жолына нық қадам басқанымызды айғақтайды. Ең бастысы, өкілеттілік пен жауапкершіліктің аражігі ажыратылып, жергілікті өзін-өзі басқаруды тиімді жүзеге асыруға кедергі келтіретін олқылықтар реттелді. Оның нақты мысалдарын Абай ауылдық округінің қыж-қыж қайнаған тыныс-тіршілігінен анық аңғаруға болады. Біз әркез жаңашыл әдіс-тәсілдерге арқа сүйеп, күнделікті жұмыс барысында қолдануға ұмтылып отырамыз. Тоқсан сайын өткізілетін кездесулердің, сондай-ақ қоғамдық кеңестер мен жиналыстардың, жеке қабылдаулардың күн тәртібіне жұртшылықты толғандыратын әлеуметтік проблемалар шығарылып, ашық айтылып отырады. Мұндай ауқымды талқылаулардан округке қарасты Қарағаш, Калиновка, Константиновка, Тапшыл елді мекендерінің тұрғындары шет қалған емес. Аудандық мәслихаттың шешімімен бекітілген округтың 2022-2024 жылдарға арналған бюджетінің қаржылық қамтамасыз етілуі, бағдарламалардың орындалу барысы кеңінен түсіндірілді. Бюджет түсімдерінің мөлшері 2022 жылға – 9363 мың, 2023 жылға – 9494 мың, 2024 жылға 9636 мың теңге болып бекітілген. Аудандық қазынадан алынатын субвенция көлемі – 11737 мың, ал округтың 2023 жылғы бюджетінің жалпы мөлшері – 21373 мың теңге. Әкімдік мамандарына жер телімдерін уақытша пайдалану, шаруа болмаса фермер қожалығын жүргізу үшін жалға алу құқықтары мен шарттары, конкурстарға қатысуға өтінім беру, жарғылық капиталдың мөлшері туралы сұрақтар жиі қойылады. Осыған байланысты бизнес-жоспар, инвестициялардың болжамды көлемі, қолданылатын агротехнологиялар, ашылатын жұмыс

орындарының саны, ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалану, жер заңнамасының қағидаларын бұлжытпай орындау, қажетті құжаттардың сәйкестігі, тағы басқа мәселелер бойынша бағыт-бағдарлар мен кеңестер беріледі.

Жолдауда ет, сүт өнімдерін тереңдетіп өңдеу сияқты болашағы зор бағыттарға басымдық беру атап өтілді. Округте жұмыс істейтін “Астық-СТЕМ” ЖШС өз ізденістерін заманауи ғылыммен әркез үйлестіріп отырады. Суды көп қажет ететін егіс алқаптарын азайтып, оның орнына пайда әкелетін дақылдар өсірумен жүйелі түрде айналысады. Бүгінде 5 мың гектарға бидай, 2 мың гектарға зығыр, 1,5 мың гектарға рапс егіледі. Серіктестік басшылығы тамшылатып суару мол өнім негізі екенін жылма-жыл дәлелдеп келеді. 239 гектар картоп, 126 гектар жүгері, 105 гектар беде, 41 гектар сәбіз осы әдіспен суарылады. Бұл жүйенің артықшылықтарына көз жеткізгендіктен, суармалы жерлер алқабы ұлғайтылды. 1,1 млрд. теңге инвестиция тартылып, заманауи қондырғылармен жабдықталған тауарлы-сүт фермасы бой көтерді. 30 жаңа жұмыс орны құрылып, жылына 3,2 мың тоннаға дейін сүт сауылады. Көкөніс сақтайтын қойманың сыйымдылығы 5300 тоннаға жуық.

Қарағаш ауылында “Өңірлерді дамыту” бағдарламасы аясында демалыс аймағы қоршалып, балалардың ойын алаңы 14 млн. теңгеге 84 шам орнатылды. “Цифрлық Қазақстан” жобасы шеңберінде Калиновка мен Константиновка ұялы байланыспен, мобильді интернетпен қамтамасыз етілді. 60 млн. Теңгеге “Кар-Тел” ЖШС ұялы байланыс операторының мұнарасы мен антенна жабдығы қойылды. “Тайыншаагроинвест” ЖШС медициналық пунктті жөндеп берді. Қарағаш метебінде жоғары кәсіби мұғалімдер еңбек етеді. Олардың 38 пайызы – бірінші және жоғары санатты, 13 пайызы – педагог зерттеуші, педагог сарапшы және педагог модератор. Мұнда оқушылардың сапалы білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. 391 баспананың бәрі дерлік орталықтандырылған су жүйесіне қосылған. 11 жеке кәсіпкерлікке 242 адам тартылған. Олар сауда, мал шаруашылығы, жемшөп дайындау, жолаушылар тасымалдау, тігін саласында еңбек етіп жүр. “Астық-STEM” серіктестігі өздерінің – 294, “Астық – Қарағаш” – 166, “Бидай ST” 47 пайшыларымен есептесіп, дивиденттерін толық төледі. Жемшөп, көмір көп балалы, аз қамтылған отбасыларға, қарт адамдарға арзан бағамен үлестірілді. Наубайханаларда пісірілетін наның бағасы да қолжетімді. Округте тұратын 231 зейнеткер, 50 мүгедек, 16 көп балалы отбасыны шаруашылықтар қамқорлыққа алған.

Еңбекке қабілетті 691 тұрғынның көпшілігі “Астық-STEM”, “Астық-Қарағаш”, “Бидай ST” серіктестіктерінде еңбек етеді. Орташа жалақы – 170 мың теңге көлемінде. Учаскелік инспектор тарапынан жүргізілетін белсенді профилактикалық іс-шаралардың арқасында криминогендік ахуал тұрақты. Қоғамдық тәртіп өкіліне “Астық STEM” ЖШС қызметтік көлік тарту еткен болатын. Бұдан бөлек, аграршылар бірлесіп, арнайы тұрғызылған қызметтік баспананы табыстады.

Бәріміз де аймақтарға қатысты саясатта маңызды реформалардың жүргізілгенін көріп отырмыз. Оның айқын белгісі – әкімдерді тікелей сайлау тәсілі енгізіліп, әкімшілік реформаның қолға алынуы. Енді Мемлекет басшысы алдымызға бюджетаралық қатынастарды түбегейлі өзгерту, жаңа экономикалық үлгіге көшкенде аймақтардың бюджет мәселесіндегі дербестігін арттыру талабын қойып отыр. Сонымен қатар, жергілікті бюджетке жиналатын салыққа қатысты жеңілдіктерді анықтау құқығын аймақтардың өзіне беру мәселесі де қарастырылмақ. Бұл шара бизнестің дамуына үлкен серпіліс әкеліп, өңірлердің, оның ішінде ауылдық округтердің табысты өркендеуіне ықпал етері анық.

Бейбіт ДОСМУХАНОВ,
Абай ауылдық округінің әкімі.

54 МЛН ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті мемлекеттік бюджетке төленетін төлемдердің мониторингі шеңберінде IV санатқа жатқызылған объектілердің операторларына – 161 кәсіпкерлік субъектісіне 54 млн теңгенің қайтарылуын қамтамасыз етті.

2022-2023 жылдар кезеңіне жүргізілген мониторинг нәтижесінде барлығы 210 жағдай анықталған, IV санаттағы объектілердің операторлары қоршаған ортаға эмиссия үшін қате есептеу салдарынан өздігінен бюджетке шамамен 96 млн теңге төлеген.

Алайда, Салық кодексіндегі өзгерістерге сәйкес қоршаған ортаға барынша аз жағымсыз әсер ететін объектілердің операторлары 2022 жылғы қаңтардан бастап төлемнің осы түрін төлеуден босатылған.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қалпына келтіру мақсатында облыстың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен мемлекеттік кіріс органдарымен бюджетке төлемнің қате төленген сомасын қайтару немесе есепке жатқызу мәселелері бойынша кездесу өткізілді. Қазіргі уақытта уәкілетті органның осы бағыттағы жұмысы жалғасуда.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) бір адамға шаққандағы табысы кедейлік шегінен аспайтын отбасыларға немесе азаматтарға берілетін уақытша қолдау болып табылады. Әр тоқсандағы кедейлік шегі облыстық ең төменгі күнкөріс деңгейінің 4-тоқсандағы 70% мөлшерінде есептеліп, 33883 теңгені құрайды.

Көмек сомасын есептеу кезінде өткен тоқсандағы табыс есепке алынады. АӘК-тің екі түрі бар: шартты жұмысқа орналасу (жұмыспен қамтудың шараларына қатысу шартымен) және шартсыз ақшалай көмек.

Отбасында 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалары болса, АӘК-ті алу кезеңіне әрбір балаға 1,5 АЕК немесе 5538 теңге көлемінде қосымша көмек тағайындалады. Кеңес алу немесе өтініш беру үшін кент, қала, ауылдық округ әкімі немесе, тұрғылықты жеріңіз бойынша Мансап орталығына (бұрынғы Жұмыспен қамту орталығы) хабарласуға болады. Сондай-ақ электронды цифрлық қолтаңба арқылы egov.kz сайты арқылы өтінішті өзіңіз де бере аласыз.

2024 жылғы 1 қаңтарданғы жағдай бойынша АӘК 286 адам 60 отбасына тағайындалды. Жылдың басынан бері атаулы әлеуметтік көмек 24 көп балалы отбасына төленді, оның ішінде 151 адам, оның ішінде 107 бала. Жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 26 адам, тұрақты жұмысқа 24 адам, қоғамдық жұмыстарға 2 адам жіберілді.

Б. Б. ЕШТАЕВА,
Мансап орталығының маманы.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАҢА СТРАТЕГИЯ

Тарихи тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отыр. Мемлекет құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес, адалдықты және параға сатылмаушылықты, ашықтық пен жауапкершілікті бейнелейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді саясатын жүргізеді. Осы талаптарды біле тұра, кейбір азаматтар, мемлекеттік қызметкерлер қателіктер жібереді. Мүмкін, заңды білмегеннен, әлде бір жолға ештеңе болмас деп, қаншама адамдар өзінің көп жыл атқарған жұмысын, талай жыл бойы жинаған тәжірибесін жоққа шығарады. Сыбайлас жемқорлық – лауазымды адамның өзінің билік өкілеттілігін және өзіне берілген құқықтарын белгіленген ережелерге қайшы жеке басының пайдасына қолдануы. Жемқорлыққа жетелейтін басты нәрсе – билік өкілеттігін пайдалана отырып, экономикалық пайда табу мүмкіндігі, ал басты қауіпті-оны әшкерелеу мен жазалау. Сыбайлас жемқорлық жақсы жағдайға ие болу үшін сыйлық жасау дағдысынан бастау алады. Сыйлық адамды өзге сұраушылардың арасынан бөлуге, даралауға, сол үшін заңды аяққа басуға алап келеді.

Парақорлық – сыбайлас жемқорлықтың бір түрі, бұл лауазымды тұлғаның пара алуы ғана емес, сонымен қатар, пара берушінің заңсыз түрде сыйлық беруі де заңға қайшы әрекет болып табылады. Күресті алдымен сыбайластықтың өзінен бастау керек. Сыбайластықтың тамырына балта шабылса, жемқорлықтың жолы кесіледі. Сыбайластықты қоздырушылар – жерлестік, тамыр таныстық байланыстар. Қазіргі кезде аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру қажет. Сондықтан да, әрбір Қазақстан Республикасының азаматы сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндетті.

А. ТЕМІРБЕКОВА,
Тайынша аудандық соты Әкімшісінің басшысы.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Egemen Qazaqstan” газетіне берген “Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек” атты сұхбатында жұртшылықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер әңгіме өзегіне айналды. Әсіресе Қаңтар қасіретінен бастап, қосарланған билік жүйесі, Үкіметтің стратегиялық міндеттері, энергетикалық қауіпсіздік нысандарының жай-күйі, сыртқы саясат саласындағы айтулы оқиғалар, жаһандағы және аймақтағы ахуалдың Қазақстанға әсері, көрші мемлекеттермен ынтымақтастық, кадр саясатына қойылатын қағидаттар сынды көкейкесті тақырыптар кеңінен қамтылды.

Мемлекет басшысының “Қазақстанда әлі күнге дейін саяси тұтқындар бар деп жатады. Бұған не дейсіз?”, – деген сұраққа жауабынан жоғары деңгейдегі дипломат екені аңғарылмай қалмайды. Негізгі ойын қысқа да нұсқа дөп берген. Реформалардың нәтижесінде елімізде адам құқықтарын қорғау жүйесінің нығая түскеніне бәріміз күйміз. Бірқатар заңдарға қазылардың тәуелсіздігін күшейтетін түзетулер енгізілді. Алқа билердің қарауына жататын істердің аясы кеңейді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты жұмыс істейді. Оған конституциялық мәртебе берілген. Мұның бәрі – соңғы жылдардағы түбегейлі өзгерістер. Бұдан кейін қандай саяси құдалау бар деп айта аламыз? Заңнамамызда азаматтарды саяси көзқарасы үшін құдалауға ілік болатын бірде-бір нормативтік құқық жоқ. Керісінше, мемлекеттің басты міндетінің бірі – заңның мүлтіксіз орындалуын, тәртіптің қатаң

сақталуын толық қамтамасыз ету десек, бұл бағыттағы құқықтық реформалар рет-ретімен жүзеге асырылып келеді. Заң алдында – бәрі бірдей, тең. Бұрын бейбіт жиындар өткізу үшін арнайы рұқсат алынатын. Қазір бұл рәсім оңайлатылды, тиісті орындарға хабарласса, жеткілікті. Саяси жаңғыру үдерісінің айшықты мысалдарының бірі, конституциялық бақылауды жүзеге асыратын жоғары орган – Конституциялық Соттың қайта қалпына келтірілуі. Заңға сәйкес, заты да түбегейлі өзгерді. Енді Конституциялық соттың күшін ешкім де жоя алмайды. Оның шешімдеріне, азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты байламдарына күмән келтіруге, тіпті Президенттің де еш қақысы жоқ. Конституцияда Президент жеті жыл мерзімге бір рет қана сайланады деп жазылған. Әлеуметтік желіде желдей ескен “Президент Конституцияға қатысты референдум өткізіп, 2026 жылы тағы да сайлауға түсуді жоспарлап отыр” деген қауесеттің жалған ақпарат екені атап көрсетілген. “Бұдан былай әркім ойына келгенін істеп, Ата заңға оңды-солды өзгеріс енгізе алмайды. Ал осындай маңызды мәселеге келгенде, тіпті мүмкін емес. Конституциялық реформа Ата заңға қалай болса солай өзгеріс енгізе беру үшін жасалған жоқ”, – деген нақты жауаптан көп нәрсені аңғаруға болады. Оның үстіне 2022 жылы Конституцияға бірқатар өзгеріс енгізіліп, суперпрезидентке тән өкілеттіктер жойылғаны мәлім.

Сәуле САДЫҚОВА,
облыстық соттың судьясы.

ДЕКЛАРАЦИЯНЫ КІМДЕР ТАПСЫРАДЫ?

Облыстық мемлекеттік кірістер департаменті жалпыға бірдей декларациялау туралы хабарлайды. Үшінші кезең шеңберінде 2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары), дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсыруы тиіс. Бұл талап әрекетсіз және қызметін тоқтатқандарға да қолданылады. Азаматтық кодекстің нормаларына сәйкес, филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайтындықтан, 2024 жылы филиалдар мен өкілдіктердің басшыларында декларацияны ұсыну бойынша міндеттеме туындамайды (43-бабының 3-тармағы). Сондай-ақ 2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны жеке практикамен айналысатындар да ұсынбайды. Жалпыға бірдей декларациялау жүйесі азаматтардың активтері мен міндеттемелері туралы декларация беруінен тұрады. Онда жеке тұлғаның барлық шетелдік активтері, жылжымалы, жылжымайтын мүлкі көрсетіледі (шетелдегі жылжымайтын мүлік және көлік, шетелдік банктегі 3,5 млн. теңгеден жоғары (1 000 АЕК) қаражат, шетелдік компаниядағы қатысу үлесі, бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткойндер және т. б.), үлестік қатысу шарты (тұрғын ғимараттағы үлесі), инвестициялық алтын (құйма алтын), зияткерлік меншік және авторлық құқық объектілері, 34,5 млн. теңге (10 000 АЕК) шегінде қолма-қол ақша, басқа тұлғалармен нотариалды куәландырылған қарыз шарттары, құны 3,5 млн. теңгеден асатын басқа да мүлік (қалауы бойынша) (мәдени құндылықтар, зергерлік бұйымдар, асыл тұқымды жануарлар және т. б.). Бағалауды 31.12.2023 жылғы жағдай бойынша декларацияны тапсыру мерзіміне дейін (2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей) жасау қажет. Декларация 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін тұрғылықты жері бойынша тапсырылады. Оны “Салық төлеуші кабинеті”, “Электрондық үкімет” веб-порталдары, “e-salyqAzamat”, “Halyk Bank” “CenterCredit” мобильді қосымшалары арқылы ұсынуға

болады. Сондай-ақ қағаз нұсқада пошта арқылы немесе азаматтар өздері барып ұсына алады. Шетелдегі және Қазақстандағы активтерді барынша дұрыс декларациялау қажет. Өйткені активтер құны салық салынатын кірісті айқындау кезінде ескерілетін болады. Декларацияны толтыру алдында тиісті растайтын құжаттарды дайындау, 31.12.2023 жылғы дейін ақшалай қаражатты (34,5 млн. теңгеден астам) банктік шоттарға салу, бастапқы декларация берілген күнге дейін 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштар мен талаптарды нотариалды куәландыру, декларация берілген сәтке дейін 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлігінің құны 3,5 млн. теңгеден асатын мүлікті бағалау, Қазақстанда активтер мен міндеттемелердің бар-жоғын сайттар арқылы тексеру (бағалы қағаздар бойынша: <https://portal.kacd.kz>; тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша: <https://homeportal.kz>; зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері бойынша: <https://gosreestr.kazpatent.kz>; сенімгерлік басқаруға берілген мүлік бойынша: https://egov.kz/cms/ru/services/pass077_mu) дебиторлық/кредиторлық берешектің (қарыз шартының) болуы бойынша сұрау салуды “Doculite” жүйесі арқылы республикалық нотариаттық палатаға жолдау қажет. Азаматтар кез келген қате немесе анық көрсетілмеген мәліметтерді Салық кодексінде көзделген талап қою мерзімі шегінде қосымша декларация беру арқылы дербес жоюға құқылы. Бастапқыда автоматты камералдық бақылау жеке тұлғалардың шығыстарына мониторинг келесідей жүргізіледі: декларацияның болуы/болмауы тексеріледі, декларацияда кірістер мен мүлікті көрсетпеу және кірістерді төмендету фактісі анықталады. Одан кейін камералдық бақылау қорытындылары бойынша кемшілікті жоймаған азаматтарға қатысты салықтық тексеру жүргізіледі.

Наталья НЕКРАСОВА,
облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің басқарма басшысы.

ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚАРСЫ АЛУ МЕРЕКЕСІ



Жаңа жылды қарсы алу мерекесі - балалар үшін ұмытылмайтын елеулі мерекелердің бірі екені рас. Петропавл қаласында дәстүрлі балаларға арналған Қазақстан Республикасы Президентінің жаңажылдық шырша мерекелік кеші өтті. Мерекелік жиынға облыстың әр ауданынан келген бүлдіршіндердің қатарында Тихоокеан негізгі мектебінің 6-сынып оқушысы Хуатбекқызы Айару болды. Жаңа жылдық мерекелік бағдарлама театрландырылған қойылыммен және ертегі кейіпкерлерінің сүйемелдеуімен ашылып, шыршадағы от шамдарын жағумен жалғасты. Балалар үшін жарқын шоу-бағдарлама мен жаңа жылдық сыйлықтар әзірленді. Бұл мерекеді топ жарған Хуатбекқызы Айару ұсынған «Экология Ханшайымы» костюмі жүлделі 2 орынға ие болды.

Негізінде мектеп директорының ұсынуымен, сонымен қатар білім ошағындағы математика пәнінің мұғалімі Айгүл Қуандықызы және ұжымның қолдауымен осы жаңа жылдық костюм дайындалғанын газет тілшілеріне мектеп басшысы Хуан Ғалия әңгімелеп айтып берді. Айару отбасындағы бес баланың бірі, оқу озаты, сүйікті пәні қазақ тілі мен қазақ әдебиеті. Болашақта ұстаз болуды армандайды. Табиғатты қорғау «Экология жылына» байланысты «Экология Ханшайымы» көйлегін киген оқушымыз облыс орталығынан қуанышқа толы керемет әсермен оралғаны айтпаса да түсінікті. Ел Президенті Қ. К. Тоқаевтың құттықтау хаты мен көркем кітап, тәттіге толы қоржынға ие болған Айару қызымызға әрдайым «Ақ жол» тілейміз.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

УАҚЫТЫҢ – АЛТЫН ҚАЗЫНАҢ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биылғы жылды «Ислам және ізгі қоғам» жылы деп жариялады. Еліміздің барлық имандылық ордаларына осы жыл аясында қоғам игілігіне арналған бірқатар іс-шараны атқару міндеті жүктеліп отыр. Мұфтият жұмысты одан әрі жүйелеу, жандандыру мақсатында бес бағытқа басымдық береді. Олар – дін және дәстүр, ізгі қоғам, ихсан және насихат, діни оқу-ағарту, жат діни ағымдардан сақтандыру. Осы ретте облыстық «Soltüstik Qazaqstan» газеті және аудандық «Тайынша таңы» газеті «Қызылжар» орталық мешітімен бірлесіп, «Imandylyq dāristeri» деп аталатын жаңа айдар ашып отыр. Оның аясында өңір мешіттеріндегі имамдардың, дін өкілдерінің, ғалымдардың түрлі тақырыптағы мақалалары басылым бетінде жүйелі түрде жарияланып тұрмақ. Жаңа айдардың алғашқы мақаласы уақыт тақырыбына арналды. Соны назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Алланың құзырына барғанда біз әр істеген ісіміз үшін сұраламыз. Мәселен киген киіміміз, ішкен-жеген ас-суымыз, жұтқан ауамыздың сұрауы бар. Тіпті денсаулығымызға, алған білімімізді қайда жұмсағанымызға дейін сұраққа алынамыз. Солардың ішінде ең маңыздысы әрі ең ауыры – уақыт үшін сұралу. Уақыт – сұрағы ауыр, жауапкершілігі зор нығметтердің бірі. Ол бізден нені талап етеді?

Уақытқа қатысты мұсылманның міндеті – сан-алуан діни, дүниелік істерін іріктеп, маңыздысын ажырата білуі. Міндетті түрде ең маңыздысынан бастауың қажет. Ол істі толық аяқтамай жатып келесі іске көшу, сізге тиісті нәтиже бермейді. Сол секілді адам бір істі бастарда «мұның ол үшін рухани, дүниелік пайдасы бар ма, жоқ па?» деген сұраққа мән беруі тиіс. Қазіргі уақытта адамдардың көп уақыты өзіне еш пайда әкелмейтін істермен өтуде. Мәселен белгілі бір спортшының бір жылда қарсылас командасына неше доп салғаны, қай командаларға салғаны, ойын барысына бұл қаншалықты әсер еткені және оның күнделікті өмірде киген киімі кейбіреуді көбірек толғандырады. Олар ғаламтор беттерінде сол жайында ақпарат іздеп, біраз уақытын зая кетіреді. Сізге сол қажет пе? Егер сізге бұл мәліметтер шабыт беріп, сол секілді болуға ұмтылсаңыз, онда оның пайдасы бар. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) мұбарак хадисінде: «Көркем мұсылманның белгісі – өзіне қатысы жоқ нәрсені тастауы», – деді.

Уақыт – Алланың бізге берген ұлы нығметі. Алайда адам баласы бұл нығметтің қадірін толық түсініп, тиісінше қолдана алмайды. Пайғамбарымыздың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: Абдулла ибн Аббас Пайғамбардың: «Адамдардың көбі қадіріне жете бермейтін екі нығмет бар, ол – денсаулық және бос уақыт», – деп айтқанын алға тартады. Осы уақытта көп адамдар қателік жасап, сол берілген уақытты тиісінше пайдалана алмай, харам істерге жұмсап, орны толмас өкінішке душар болып жатады. Мұсылман үшін бос уақыт мүлдем болмауы тиіс. Тіпті адам тәндік, рухани істерден жалығып, үнсіз дем алып отырғанда да уақытын босқа кетірмей, жақсы ойлар ойлауы тиіс немесе алға қойған жоспарының шешімін жүйелеуі қажет. Қоғамдық көліктерде, кезекте, жол кептелісінде тұрғанда да ретін тауып, сол уақытты пайдаға асырған абзал.

Кей адамдар қолы босай қалса, алтын уақытын пайдасыз әңгімеге, құнсыз дүниелерге арнайды. Мәселен сағаттап телесериалдар көретіндер, телефон арқылы ғаламтор беттерін шарлайтындар – осының айқын дәлелі. Біреулер түнгі клубтарды

жағаласа, енді біреулер ащы-су ішу үшін серіктестер іздейді. Сол себепті иманы әлсіз, рухы төмен адамдар үшін бос уақыт – барлық жаманшылықтың бастауы.

Ерте ме, кеш пе, адам міндетті түрде өзіне есеп беруі тиіс. Жаңа жылға қадам басарда өзіңізге «Жылды қалай өткіздім? Алға қойған мақсаттарымның қаншасы орындалды? Тұлға ретінде өстім бе? Жаман әдеттерімнен арылдым ба?» деп сұрақ қойыңыз. Мұны Абай атамыз да айтып кеткен. Аптасына немесе айына өзінен-өзі есеп алғанда пенде қаншалықты дамығанын, қандай қателікке бой ұрғанын аңғара алады. Әркім «Өткен айда қанша бет кітап оқыдым? Шаңырағым неше мәрте қонақ шақырдым? Отбасымның қажеттілігіне қанша шығын кетті? Отбасыммен неше мәрте табиғат аясында серуендеуге шықтым?» дегеннен бастау керек.

Күнделікті өзіне есеп бере алған адам ғана бағыт-бағдарын дұрыстай алады. Әр күніңе есеп беру жүріс-тұрысыңа жаңаша қарауға, тиісінше бағалауға жол ашады. Бұл – ілгерідегі салиқалылар мен тақуалардың салып кеткен сара жолы. Ибн Омар «Есепке түспей тұрып өздеріңе есеп беріңдер», – дейді.

Адам алдына әрдайым жоғары мақсаттар қоя білуі тиіс. Солай істей білген адам уақытына да бекем болады. XIX ғасырда өмір сүрген америкалық философ Джон Дьюи: «Мақсатты тек азат, ерікті адам қоя біледі, құл мақсат қоя алмайды», – деген екен. Демек ерікті тұлға мен еркі жоқ адамның айырмашылығы да олардың мақсаттарында жатыр. Сол себепті де құл өз әрекеттерінің мәнді болуына еш мүдделі емес, өз жұмысының нәтижесі де оны қызықтырмайды. Құлға ең бастысы – уақыт өтсе болғаны. Қазіргі кезде осындай құлдық сана-сезімнен арыла алмай жүргендер көп. Берілген уақытты пайдаға асыруға емес, керісінше жылдам өткізіп, сол уақытқа бөлінген напақасын алуға көбірек мүдделі.

Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде мұсылмандарды ең жоғары мақсаттарға ұмтылуға үндейді. Атақты хадис шәрифте: «Жәннатта жүз дәреже бар. Ол дәрежелердің бірі мен екіншісінің арасы жер мен көк арасының ұзақтығындай. Фирдаус жәннаты – олардың ең үстіңгі қабатында. Жәннаттың төрт өзені осы жерден шығады. Оның үстінде Аршы бар. Алладан жәннат сұрасаңдар, осы Фирдаусты сұраңдар», – делінеді.

Әрбір мұсылман адам жәннатқа кіруді қалайды. Пайғамбарымыздың: «Жәннатты сұрасаңдар жәннаттың төрінен Фирдаусты сұраңдар» деуі мұсылман әрдайым өзінің алдына жоғары мақсаттарды қоя біледі дегені.

Әр адам дүниеге келгеннен кейін, ес білгеннен-ақ жан дүниесіндегі сырын, мұң-шерін тарқатып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін дос іздейді. Досына қарап адамның өзін тануға болады. «Досы жақсының – өзі жақсы» демекші ислам діні де жақсылармен бірге болуға шақырады. Алла тағала Құранда: «Әй мүміндер! Алладан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар», – дейді. Бұл «Уа иман келтіргендер! Әрбір әрекеттеріңе, сөздеріңе абай болыңдар, сонымен қатар шыншылдармен, тура жолдағылармен бірге болыңдар. Адамдардың белгісі – діндерінде, ниеттерінде, сөздері мен амалдарында» дегенді білдіреді. Жаманмен жолдас болғандар жайында: «Қап, әттеген-ай! Пәленшені дос тұтпағанымда ғой. Ол маған жеткен зікірден (Құраннан) мені алыстатты. Ал шайтан сөз жоқ адам баласын азғырушы», – деп қатты өкінеді екен.

ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ

Мемлекеттеріміздің азаматтарын «Ислам мемлекеті» және басқа да экстремистік мемлекеттер қатарына тарту бойынша ақпараттық ресурстардың жұмысын анықтау және жолын кесу мақсатында «Проки» операциясы сәтті жүргізілді. Жалпы, ұжымдық қауіпсіздікке қауіп төндіретін 57 мыңнан астам нысан анықталды. Олардың 50 мыңының қызметі тоқтатылды.

Террористік ұйымдардың мүшелері интернетте ақпаратты кеңінен насихаттау үшін «жетілдірілген» құралдарды да пайдаланады. Осылайша, лаңкестердің мүддесі үшін Twitter-де хабарламаларды жаппай генерациялау және тарату үшін The Dawn of Glad Tidings (Шұғылалы таңның жақсы жаңалықтары) деп аталатын арнайы Android қосымшасы әзірленді. Радикалды идеологияның жақтастары қосымшаға тіркеле салысымен, өздерінің атынан әр таңбаның арасына бос орын енгізіп, Twitter-дің спамға қарсы алгоритмдерін айналып өтіп, бірдей таратпа хабарламалар жібере бастады. Twitter-де жұмыс істеудің тағы бір тәсілі - белгілі бір хэштегтерді жылжыту. Жүздеген, кейде мыңдаған белсенділер тәуліктің белгілі бір уақытында қажетті хэштегтермен қайта-қайта твиттер жазумен шұғылданады. Атап айтқанда, бұл әдіс Ирак және Левант ислам мемлекеттерінің террорлық ұйым белсенділеріне @ActiveHashtags (күн сайын ең танымал тегтерді жариялайтын танымал араб Twitter аккаунты) нәтижелерін бұрмалауға және қосымша аудитория жинауға мүмкіндік берді. Лаңкестер үшін тағы бір мүмкіндік FireChat мессенджері болды, ол Интернетке қосылмай-ақ сөйлесуге мүмкіндік береді: егер бұл қолданба смартфонда орнатылған болса, онда интернет байланысы болмаған жағдайда да белгілі бір аумақты пайдаланып осындай қосымшасы бар басқа интернетке қосылған смартфондар арқылы хабарлама жіберуге болады.

Терроризммен қалай күресуге болады? Сол әдіс-ақпараттар мен хабарламалар тарату. Лаңкестер жалдау мақсатында жалған ақпаратты пайдаланады. Бейбіт тұрғындар терроризмнің не екенін, оның Интернетте қалай көрінетінін, қандай сайттардың бар екенін, олардың мақсаты қандай, мұндай топтарға қатысу неге әкелетінін және т.б. білу үшін ақпараттандырылуы керек. Білім қарумен тең. Білімді, саналы, ақпараттанған адам оңайлықпен адаспайды.

Атақты саясаттанушы Збигнев Бжезинский: «Жастарды ыдырат, көңілдеріне алауыздық ұялтаса, сонда кез келген халықты жаулап аласың» деген. Сондықтан интернет кеңістігінде терроризм мен экстремизмді насихаттауға қарсы тұрудың тиімді жолдарының бірі – қазіргі заманауи жастардың діни сауаттылығын арттыру. Ата-ана бақылауының маңыздылығын бағаламауға болмайды. Балаларын жалдаушылар мен жалған уағыздаушылардың теріс әсерінен қорғау үшін ата-аналар балаларының әлеуметтік желілерде қандай мақсатпен отыратынын, олар қандай қауымдастықтың мүшесі екенін және онда қандай білім алатынын біліп отыруға міндетті.

Тайынша аудандық ішкі саясат бөлімі.

УАҚЫТЫҢ – АЛТЫН ҚАЗЫНАҢ

(Жалғасы. Басы 3-бетте).

Адамның нәпсісі жалығуға бейім келеді. Күнделікті бір істің қайталана беруі адамның бетін қайтаруы мүмкін. Оның түрленуі адамға жаңа деммен іске кірісуіне жол ашады. Ислам дінінде Алланың разылығына апаратын амалдар сан-алуан. Оларды рухани амалдар және тәндік амалдар деп екіге бөлуге болады. Рухани амалдарымыз – намаз оқу, садақа беру, ораза ұстау, Құран оқу, ілім іздену және тағы басқа амалдар. Бір сөзбен айтқанда, адамның рухын байытатын амалдар тізбегі. Сонымен қатар тәндік қалауын да беруіміз керек. Олар – отбасымен уақыт өткізу, спортпен шұғылдану, саяхаттау, сүйікті іспен айналысу (хобби), адал табыс табу. Бұл екеуіне де адам баласы мұқтаж. Кез келген рухани амалды түрлендіруге болады. Құран оқыған адам бірінші жолы тек Құранның өзін оқыса, келесіде мағыналарына, одан кейін түсу себептеріне, сурелер атауларына, олардың аят санына және ретіне мән беріп, жеке-жеке зерттеуіне болады. Ал жалпы күнделікті ісінде өзінің рухани, тәндік қажеттіліктерін құстың екі қанатындай бірдей ұстаған абзал.

Мәселен күнделікті күйбең жұмыстан кейін отбасыңызбен серуендеп, жақын орналасқан мешітке кешкі намаздарға барсаңыз, тәніңіздің де, рухыңыздың да қажеттілігін бергеніңіз. Әр айдағы еңбекақыңыздан отбасыңызға қажетті бір затты алсаңыз, бұл сізді ынталандырады. Мұсылманның өмірі бір сарынды болмауы керек, әрдайым жаңа көкжиектерді таба білуі тиіс.

Күндер, апталар, айлар бірінің артынан бірі тізбектеліп өтіп жатыр. Жылдар сырғыған сайын өмірдегі “әттең-ай” деп өкінетін шақтарыңды қайта артқа айналдырып, өзгерте алмайтыныңа көзің жетеді. Осы орайда атақты табиғин Хасан Басридың: “Әр өткен күн адам баласына “Ей адам баласы, мен жаңа күнмін, сенің амалдарыңа куәлік етудемін, егер өтіп кете барсам мен қайтып оралмаймын”, – деген сөзі бар. Енді бір сөзінде “Ей адам баласы, шынында сенің ғұмырың белгілі күндермен шектеулі, егер бір күнің өтсе бір бөлігіңді жоғалтқаның”, “Ей, адам баласы! Күндіңіз – сенің қонағың, онымен жақсы мәміледе бол, егер оны жақсы шығарып салсаң, ол саған мақтау айтып кете барады, егер күніңді пайдаға асырмасаң ол саған жамандық тілеп кетеді, түнің де дәл солай жасайды”, “Дүние үш күннен тұрады: Кеше болса ол өте шығып кете барды, ертеңгі күнің сен үшін беймәлім, сол себепті бүгін амал ет”, – деген. Атақты сахаба Ибн Масғұттың “Өкініштердің ішінде ең қатты өкініш мен үшін салихалы амалдар жасалмай, ажалға бір қадам жақындап батқан күнім”, – деген сөзін естен шығармаған дұрыс-ау!

Уақыттың қадірін білу – ол ертеңгі күнге дайындық. Ертеңге дайындығы бар адамның ақыреттік дүниелік істері жүйелі болады. Адамдар әрдайым өзіне “Сен үшін маңызды амалдар қандай амалдар?”, “Өміріңдегі бос уақыттардың саңылауын толтыра алдың ба?”, “Әр жылдың соңында, айдың аяғында, күн батқанда өзіңе есеп бересің бе?”, “Уақыттың пайдасыз өтсе өзіңе қандай шаралар қолданасың?”, “Өмірдегі армандарың орындалуға қандай қадамдар жасадың?”, “Жақсы жолдас сен үшін қандай адам болуы тиіс?”, “Жолдастарың уақыттарың рәсуә еткендерден бе, әлде ұқыпты қарағандардан ба?”, “Өмірің бір сарынды ма, әлде бір күнің екінші күнге ұқсамай ма?”, “Сенің ойыңша, уақыт алдындағы міндетің қандай?”, “Рухани және тәндік амалдарды қатар ұстай алдың ба?” – деген сұрақтарды қоя тіршілік етсе, өмір әлдеқайда өнімді болмақ.

Хамзат ӘДІЛБЕКОВ,
“Қызылжар” орталық мешітінің бас имамы.

ЖАЗЫЛМАС ЖАРА...



Отансүйгіштік – адамның бойында отбасылық тәрбиемен, өсіп-өнген ортасының ықпалымен қалыптасатын қасиет. Бала кезімде мен үшін ең құрметті, ең сыйлы, өнеге тұтатын жандар – Ұлы Отан соғысының ардагерлері болды. Туып-өскен ауылым Ақтастан Екінші дүниежүзілік соғысқа 58 адам аттанған. Аман оралғаны – 16 жауынгер. Отан қорғау, жерді сүю, азаматтық борышты ақтау деген ұғымдарды соларға қарап үйрендік. Одан кейін әскери борыштарын өтеп келген жасы үлкен ағалардың әңгімелері құлағымыздың құрышын қандыратын. Соларға қарап бой түзедік.

1979 жылы Ауған соғысы басталған кезде мен ержетіп қалған едім. Кеңес әскері Ауғанстанның аумағына енді дегенді естідім. Менің замандастарым әскерге баруды абырой санайтын. Мен де кәметке толғаннан дайындала бастадым. 1980 жылы мектепті бітіріп, кеңшарда еңбек еттім. 1981 жылдың көктемінде Булаевта үш ай көлік жүргізуші куәлігін ашу үшін оқып, күзде әскерге шақырту күттім. Шақырту 1 қазан күні келді. Қасымдағы бірнеше жерлесіммен бірге Өскеменге аттандық. Үш айлық жаттығу мен карантин уақыты да тез өте шықты. Дайындық барысында қай жаққа жіберетінін ақырындап сезе бастадық. 1981 жылдың 25 желтоқсаны күні самолет Ауған елінің топырағына келіп қонды. Бізге Өскеменнің 40 градус аязынан кейін, ыстығы бастан өтетін жерге тап болу басында қызық көрінді.

Танк полкінің 71183 бөлімшесінде әскери борышымды атқардым. Міндетім – жүргізуші. Прапорщик Сударкин деген өжет жігіт өзінің взводуна адам таңдаған кезде жерлесім Думан Әбішев екеуімізді артиллериялық дивизияны қамтамасыз ететін взводтың құрамына қабылдады. Қаруласым Думан Есіл ауданындағы Алабие ауылының тұрмысы болатын. Біз жанар-жағармаймен, сумен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп, сынған техникаларын жөндел беру міндеттерін арқаладық. Жол торабының әр елу шақырымында бекет болады. Сол бекетке орнығып, қасынан өткен колонналарды қажетті заттармен қамтамасыз етеміз. Түркіменстан жеріне дейін өтіп, керек-жарақтарды алып қайтамыз.

Соғыстың аты – соғыс. Қауып-қатер кез келген сәтте төнуі мүмкін. Қырағы болуың керек. Бойыңды үнемі үрей билеп жүреді. Ауғандықтар – соғыстың айла-тәсілдеріне әбден бейімделген, дайындықтан өткен адамдар ғой. Оның үстіне өз жерлерінің тау-тасын, ой-шұқырын жақсы біледі. Тосыннан шабуыл жасап, тасадан оқ ата салады. Белі бесіктен шықпаған баласына дейін қатігез, кірпік қақпастан қару кезенуі мүмкін. Ал біздер үшін адам өлтіру оңай емес еді.

Бірде қызмет бабымен Қандагар жаққа қарай жылжыдық. Елу шақырым жерде кеңес әскерлерінің бекеті бар. Бұрын да бірнеше мәрте жүрген жолымыз. Жақындап қалған кезде оқ-дәрі тіркеген көліктің моторы сыр берді. Өз көлігіме тіркеп, тартып келемін. Тау жақтан оқ атыла бастады. Көлігімің алдыңғы терезесі сынып, оқ құлақтың түбінен өтті. Кабинада отырған үшеуіміздің аман қалғанымызға әлі күнге дейін таңғаламын. Колоннаның соңына қарай жанармай құйылған көлікті Евгений Баранов деген жігіт айдап келе жатқан еді. Машина өртеніп, жауынгер сыртқа секіріп, аман қалған. Тағы бір жауынгеріміздің де жансебілдігі таңғалдырды. Оның де көлігі өртеніпті. Бет-

аузы қан-жоса. Бірақ оқтан ығар емес. Алған жарақатынан есеңгіреп қалған сияқты. Оны өлімге қимай, Талғат екеуіміз жүгіре басып, әлгіні әзер дегенде жерге құлаттық. Ажалы келмесе, сұрапыл соғыста да аман қалады екенсің. Ондай жайттар көп болды.

Ауғанстандағы соғысқа қатысқандардың кейбірі кейін бейбіт өмірге бейімделе алмай қалды. Қарулы қақтығыстар аймағында болғандар психологиялық ауытқушылықтарға душар болды. Талай рет өліммен бетпе-бет келген кейбір жауынгерлер елге келген соң өз-өздеріне қол жұмсады. Денсаулығы сыр беріп, өмірмен ерте қоштасты. Солардың арасында жерлестерім Жаңбырбай Сағынаев пен Думан Әбішев те бар.

Соңғы кезде Ауған соғысы туралы алып-қашпа әңгімелерді естимін. Басқа елдің ішкі ісіне араласу кеңес үкіметінің қателігі деген сөздер де айтылып жүр. Қалай десек те, бұл соғыс – қанмен жазылған тарихтың бір өткелі. Он жыл ішінде кеңес үкіметі 15051 азаматын жоғалтқан. Аз емес. Бәрі дерлік – қырышын кеткен жас жігіттер. Олардың артында еңіреп қалған ата-анасы мен бауырларының жүрегіңдегі жараның ізі әлі жазылған жоқ.

Ауған жерінде көрсеткен ерлігі үшін 200 мыңға жуық жауынгер әскери орден-медалмен марапатталыпты. Солардың ішінде менің досым Талғат Күдірбеков те болу керек еді. Майбалықтың (Жамбыл ауданы) тұмасы соғыста байланысшы болды. Ерекше қабілетті болатын. Өзінің біліктілігінің, зеректілігінің арқасында қаншама рет бізді жаудан құтқарып қалды. Кейде жау ортасында қалып қойған жауынгерлермен байланыстың ретін тауып, көмек жібергенді. Жау орналасқан жердің радиусын дәл беріп, көзін құртуға талай септігін тигізді. Сондай ерлігі үшін басшылығымыз екі рет марапатқа ұсынған болатын. Өкініштісі, сол кезде де ұлтына қарап бағалау деген бар еді. Белгісіз себептермен марапат ала алмады. Әйтпесе, нағыз ерлік көрсеткендірдің бірі болатын.

Ауған жерінде кеңес үкіметінің солдаттары соғысып қана қойған жоқ, үй, мектеп салуға, жолдарды түзетуге көмектесті. Жергілікті халықтың кеңес жауынгерлеріне деген сенімі зор еді. Бізге жақын орналасқан кишлактардың тұрғындары көмек сұрап жиі келетін. Қолдан келген қамқорлығымызды аямайтынбыз. Соны сезетін олар да жауынгерлерге жылы көзқарас танытты. Оларды әлі күнге дейін аяушылықпен еске аламын. Ол жақта өткізген екі жыл біздің өмірімізге өшпестей ізін салып кетті. Ауған жерінде от пен оқтың ортасында жүріп, әсіресе тау-таста көлік жүргізуге әбден машықтанғанмын. Сол жүргізушілік кәсіпті өмірлік нәсібім еттім. 1999-2016 жылдар аралығында өрт сөндіру қызметінде көлік жүргізушісі болдым. Бүгінде ұлыммен бірге жолаушылар тасымалы саласында қызмет етеміз. Жүргізушілік еңбек өтілім – 42 жыл. Ұлымның әке жолын жалғастырғаны қуантты. Кіші қызым да өрт сөндіру саласын таңдады. Менен алған өнегелері ме деп ойлаймын. Менің өмірден ұққаным – отансүйгіштік қасиетті, кейбір өмірлік ұстанымдарды біз алдыңғы буынның іс-әрекетіне қарап қалыптастырады екенбіз. Біз майдангер ата-әкелерімізге қарап өстік, ендігі міндетім – жастар бізден үлгі алса екен деген ой.

Асхат ҚОСПАНОВ,
Ауған соғысының ардагері.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 12. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.